

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

2020-2025 жылдар аралығы

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес Білім ғылым министрі «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын.

Мақсаты: Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру; жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; оқушылар педагогтар және ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау.

Міндеттері: Оқу құзыреттілігін арттыру және оқуға тарту мақсатында оқушылардың оқырмандық қызығушылықтарына әсер етудің белсенді формалары мен әдістерін, педагогикалық идеяларын іздеу; Мектеп кітапханаларын ресурстық ақпараттық – кітапханалық және мәдени-ағарту орталықтарды ретінде дамытуға ықпал ету. Ата – аналар балалардың кітап оқуға белсенділігін қолдауға тарту, оларға отбасылық бос уақытты кітап оқу ортасына айналдырып, рухани қарым-қатынас жасауға көмек көрсету. Отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жандандыру. Оқуға құштар мектеп жобасы аясында кітапханамызда әр түрлі шаралар өткізілді. Оқушылардың оқу мәдениеттінің деңгейін және олардың оқу белсенділігін өсуін арттыру, жас ұрпақ бойында азаматтық рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

«Оқуға құштар мектеп» «Кітап, тұлға, рух» бірлескен жұмыс жоспар аясында Нұрпейіс Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасында «Кітап, тұлға, рух» жобасы жүзеге асырылып, оқырмандардың рухани дамуына мүмкіндіктер беруде.

Мақсаты: Балалардың мәдениетін арттыру, адамгершілік, рухани, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, балаларға үлгі болатын облыстық танымал, жетістікке жеткен тұлғалармен таныстыру.

Шараға ақын журналист, өнер зерттеушісі Нұрлыбек Амандәулетұлы Қалауов. Детектив жанрын дамытушы, аудармашы баспасөз қызметінің үздігі Тулеуова Зияш Қалиқызы.

Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, жас ақындардың жан ашыры, ақын Гүлімай Әбішқызы қатысып, тағылымды әңгімелерін айтып, балалардың білім көкжиегін кеңейтіп кітап оқудың маңыздылығы туралы өз ойларымен бөлісті.

Мектебіміздің 8ә класс оқушысы Аманғос Амина ақын Гүлімай Әбішқызының «Сәби үні» атты өлеңі нақышысына келтіріп орындады.



«Оқуға құштар мектеп»Қарғалы тұрғын уй алабында Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ММ қарасты «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» №6 қалалық модельді кітапхана жанынан «КОВОРКИНГ» ашылды.

«Коворкинг ашылу салтанатына мектебіміздің 7а класс оқушысы Акимгереева Аяулым 7ә класс оқушысы Саид Жанна 8а класс оқушысы Аманғос Амина қатысып Қазақтың лирик ақыны М.Мақатаевтың өлеңдерін нақышына келтіріп орындады және оқушыларымыз «Тимбилдинг» ойынына қатысты. Сол кешке ұлағатты ұстаз , медиатор маман Бибігул Әбдішүкірмен кездесу өтті. Қалалық кітапхана кеші өз деңгейінде өтті.

№6Қарғалы селолық модельді кітапхана ұжымы мектеп әкімшілігіне өз ризашылықтарын білдірді.





«Оқуға құштар мектеп»

№45 Жалпы білім беретін орта мектеп ұстаздарын, ұжым мүшелерін, ата-аналар, оқушылар сіздерді мектебіміздің 10 жылдық айтулы мерекесімен құттықтаймын 10жылдыққа 10 кітап акциясына үлес қосқандарыңызға көп көп рахмет айтамыз Мектебіміздің кітапхана қорына 326 әдеби ертегі кітаптармен толықты.

Адамды адам еткен кітап.

Адамзат еткен кітапхана.

Әбіш Кекілбаев



«Жаңа кітаптар әлеміне»

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханамызға жаңа дан келіп түскен сөйлейтін қаламмен 5а,5ә класс оқушылары тәрбие сағаттарын кітапханада өткізді. Кітапханаға келіп түскен жаңа кітаптар әлемінде танысты.

Көрменің мақсаты: Оқырман қауымды жаңа кітаптармен таныстыру, кітап оқуға тарту. Қызығушылығын арттыру.

5а,5ә класс оқушылары жаңа кітаптармен танысып және кітаптар алфавит бойынша орналасуын және кітапты қалай тез сөреден табуымен танысты. Оқушылар кітапханадағы электронды кітаптармен танысып қызығушылықтарын көрсетті. Кітапханаға келіп үнемі кітап алып жүрген оқушыларымыз өздерінің оқыған ертегілерімен бөлісіп сыныптас достарын кітап оқуға шақырды.



№6 модельді кітапханасының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында. Ымырттағы кітапхана аясында қазақтың аса дарынды ақыны Өтежан Нұрғалиевтің 85 жыл толуына орай «Ақиқаттан айнымаған қалам иесі» атты әдеби

альманах кеші өтті. Өтежан Нұрғалиев 1938 жылы 15 тамызда Ақтөбе облысы Байғанин ауданы «Ақжар» ұжымшарында дүниеге келген. «Ақиқаттан айнымаған қалам иесі» атты әдеби альманах кешіне кітапханашылар, Геолг мәдениет үйі, Ауыл шаруашылық колледж студенттері және №45 жалпы білім беретін орта мектеп оқушысы Қуанышова Нұртолған және мектеп кітапханашы меңгерушісі Амирова Айман Коркытовна қатысты. Айман Коркытовна шараға қатысушылармен тембилдинг ұйымдастырып шара ұйымдастырушылардың алғыс хатымен марапатталды. №6 Қарғалы селолық модельді кітапхана ұжымы мектеп әкімшілігіне өз ризашылықтарын білдірді.





«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бүкіл әлем мен үшін» апталық аясында 10 минуттық үзілісте 7а,7ә ,8а,8ә,9а,9ә класс оушыларымен кітапханада түрлі түсті әдеби жинақтар,мақал-мәтелдерді шешу шешу ойындары ұйымдастырылды.
Мақсаты: Оқушыларды үзіліс уақытын тиімді пайдалану.





«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

23 Сәуір халықаралық кітап және авторлық құқық күніне орай.

Мәжіліс залында «Кітап рухани сарқылмас қазына» атты кездесу кеші өтті.

Мақсаты: Өлкеміздегі халықтың ықыласына бөленіп жүрген қаламгерлеріміздің өрнегі мол жырларын оқуға насихаттау, олардың өнегелі өмір жолдарынөскелең ұрпаққа өнеге тұтып, жастардың кітап оқуға құлшынысын арттыру, еліне жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Атақты ақын бабаларымыздың данықты жолын жалғастырып, келе жатқан танымал талантты, жерлес ақынымыз Қазақстан республикасының журналисттер одағының, жазушылар одағының мүшесі Жақсылық Айжанов «Кітап рухани сарқылмас

казына» атты кездесу кешіміздің қонағы. Кешіміздің қонағы Жақсылық Айжанов оқушыларға өзінің өмір жолын балалық шағын, ақындық жолын, журналистика саласына қалай келгенін баяндап берді және оқушыларға оқуға құштар болуды, кітап оқуға өзінің ақыл кеңесін берді. Жақсылық Айжановтың өлеңдерін 8ә класс оқушысы Аманғос Амина «Жарқамысты сағыну», Тұрғанбай Мереке «Ақтөбеге арнау» 2ә класс оққшысы Рустам Сұлтан «Тәуелсіздік» өлеңдерін нақышына келтіріп орындады. Айжанов Жақсылық оқушыларға батасын беріп ризашылығын білдірді.





«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қалалық білім бөлімінен мектеп кітапханасына көркем әдеби кітаптар түсті. Кітапханамыздың кітап қорына көркем әдебиет, проза, балалар әдебиеті, көркем аудармалар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаш, құстар әлемі және балалар қызығып оқитын Гарри Поттердің жеті томдық кітаптары түсті.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қоңырау уақытын тиімді ұйымдастыру, кітап оқуға баулу мақсатында мұғалімдер мен білім алушылардың кітап оқуға шақыру. Мақсаты: Оқушылардың кітап оқу, оның ішіндегі ертегілер оқуға шақыру, ертегілер арқылы жалпы дамуға рухани құндылықтарды бойларына сіңіру.

1. Кітап оқудың, оның ішінде әдеби кітаптардың мазмұнын ашу.
2. Кітап оқудың оның ішіндегі ертегілерді әдеби кітаптарды насихаттау жолдарын көрсету.






«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханамызда «Үнемі оқитын адам табысты адам тақырыбында мектеп мұғалімдерімен дөңгелек үстел отырысы өтті. Кітап адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы. Шығыс ойшыл Науаи «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына десе, Абай атамyz Танымның бар тамшысы- кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа» «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп насихаттайды. Кітап оқудың кез келген тұлғаны дамытудың қайнар көзі. Адамзат ақыл ойының жиынтығы кітапта болса, білім соны сақтайтын қазыналы сандық. Ұстаздар өздерінің оқыған кітаптарымен бөлісіп ортаға салып, пікір алмасып бір біріне оқуға кеңес берді.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қоңырау уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында 8а класс оқушылары Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабын оқыды



«Тоғыз айға 9іс – шара» жобасы аясында

28.02.2024ж

«Оқуға құштар мектеп» челленджі

Мақсаты: Білім алушылардың оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту.

Мектебімізде «Сүйікті кітабым» атты көрме ұйымдастырылды және сол көрмеде ұстаздар оқушыларға өздерінің пәні бойынша оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен оқушылар алдында бөлісті және оқушыларды кітап оқуға шабыттанды.






<https://www.instagram.com/p/C347pyXsyGf/?igsh=d3NrMmU0cHgwcjNs>

28 ақпан күні «Оқуға құштар мектеп» челленджі барсында Ақмола облысы Ақтөбе облысына Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» кітабын бір ай көлемінде оқып әлеуметтік желіге салуды ұсынды.



«Оқуға құштар мектеп» Республикалық челлендж аясында 8ә класс оқушылары Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесін өзгеде оқырмандарға кеңес береді.



Облыстық білім басқармасы мен Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

«Менің сүйікті кітабым» атты Республикалық челленджін Ақмола облысынан Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» повесін жаппай оқуға қабылдап алды. Осы орайда мектебіміздің 7»А» сынып білім алушысы Эмжатова Альбина мен Медет Халит оқыған «Жау тылындағы бала» кітабын сыныптастармен талқылады.



Облыстық білім басқармасы Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 28 ақпан күні Республикалық ғылыми – педагогикалық кітапханасының ұйымдастырумен өткен «Оқуға құштар мектеп» Республикалық челленджін Ақмола облысы Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» кітабын Ақтөбе облысына оқуды ұсынды «Осы орайда мектебіміздің 9 «А» сынып оқушылары оқып өздерімен пікір алмасты.





Облыстық білім басқармасы Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 28 ақпан күні Республикалық ғылыми – педагогикалық кітапханасының ұйымдастырумен өткен «Оқуға құштар мектеп» Республикалық челленджін Ақмола облысы Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» кітабын Ақтөбе облысына оқуды ұсынды. Осы орайда мектебіміздің 10 сынып оқушылары партизан-жазушының шығармасымен танысып ой бөлісті.



Халымыз өнер мен білімді қадірлеген бүгінгі таңда барлық адамзат алдында тұрған басты мақсат-білімді қайдан алады әрине кітаптан. Кітапхана білімнің күн шуағы десек ізденсем білсем деген балаға кітапхананың есегі әрқашанда ашық. Ата бабамыз кітапты ерекше ақылшы ұстаз санаған. Кітап – білім бұлағы, білім өмір шырағы деген қанатты сөз қалдырған. Арттық білім кітапта ерінбей оқып көруге деп Абай Құнанбаев атамыз айтпақшы, адам баласы үшін кітап – тілсіз тәрбиеші.

